

**ҚАЗТЕСТ жүйесінің тест тапсырмаларын әзірлеушілер, сарапшылар,
«Жазылым» және «Айтылым» бөліктерінің жұмыстарын тексерушілер,
аудиоматериалдарды дыбыстаушы, монтаждаушы мамандарды іріктеу бойынша
БАЙҚАУ**

**БАЙҚАУҒА (КОНКУРСҚА) ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР.**

Әзірлеуші, сарапшы, тексерушілерге қойылатын талаптар:

- 1) Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар қазақ тілі мен әдебиеті мамандары;
- 2) еңбек кітапшасындағы жазбаларға сәйкес 3 (үш) жылдан кем емес еңбек (мүмкіндігінше педагогикалық) өтілінің болуы;
- 3) педагог-шебер немесе педагог-зерттеуші (мектеп мұғалімдері үшін) дәрежесінің берілгендігі/академиялық немесе ғылыми дәрежесі (магистр, PhD докторы, ғылым кандидаты, ғылым докторлары үшін) туралы куәліктің болуы;
- 4) білім саласындағы нормативтік құжаттарды білуі (стандарттар, бірүлгі бағдарламалар, т.б.);
- 5) компьютермен жұмыс істеу дағдыларын білуі;
- 6) педагогикалық өлшеулердің теориялық және қолданбалы негіздерін, тест тапсырмаларының мазмұнын іріктеу қағидаларын білуі қажет.

Аудиоматериалдарды дыбыстаушы мамандарға (дикторларға) қойылатын талаптар:

- 1) жоғары білімінің болуы (гуманитарлық немесе журналистика/актерлік шеберлік саласында болғаны құпталады);
- 2) дауысының дұрыс қойылуы, сауатты сөйлей білу дағдысының болуы;
- 3) актерлік шеберлік негіздерін, кәсіби оқи білудің негізгі құралдарын білу;
- 4) қазақ, орыс, шет тілдерінің орфоэпиялық және әдеби тіл нормаларына сай сауатты сөйлей білуі.

Аудиоматериалдарды монтаждаушы мамандарға қойылатын талаптар:

- 1) жоғары білімінің болуы (техникалық немесе IT саласының маманы);
- 2) аудиофайлдарды редакциялау мен өңдеуге арналған Sound Forge, Adobe Audition бағдарламаларын жетік білуі.